

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Көмірсутек шикізаты кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындарының санатына жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 және "Рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындары санатына жатқызылатын көмірсутек шикізаты кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесін бекіту, "Көмірсутек шикізаты кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындарының санатына жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2019 жылғы 27 маусымдағы № 449 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1144 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 23 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.02.2026 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Көмірсутек шикізаты кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындарының санатына жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 720-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) кенорындарының рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидалары және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Көмірсутек шикізаты кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындарының санатына жатқызу қағидалары және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бөлігінде салық салу тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындары санатына жатқызылатын көмірсутек шикізаты кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесін бекіту, "Көмірсутек шикізаты кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындарының санатына жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 449 қаулысында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызылатын көмірсутек кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесін бекіту, "Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының бір тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидаларын және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 204 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 720-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызылатын көмірсутек кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындары санатына жатқызылатын көмірсутек шикізаты кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызылатын көмірсутек кен орындарының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесі";

рентабельділігі төмен, өте тұтқыр, су басқан, дебиті аз және сарқылған кен орындары санатына жатқызылатын көмірсутек шикізаты кен орындары (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) тізбесінің кестесінде:

жетінші баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Көмірсутек кен орнын (кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу өлшемшарттары";

сегізінші баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Көмірсутек кен орнының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) санаты";

тоғызыншы баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Су басқан, дебиті аз, игерілген, тұтқырлығы жоғары көмірсутек кен орындары (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі (%)".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2023 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1144 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы

Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу қағидалары және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібі

1-тарау. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу тәртібі және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібі

1-параграф. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініштерді беру және қарау тәртібі

1. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу үшін осы бөлімнің 2-кіші бөлімінде айқындалған өлшемшарттарға сәйкес келетін көмірсутектер кен орнын игеруді көздейтін қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) өтініш береді.

2. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылға кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы өтініш ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі. Өтінішке мынадай құжаттардың электрондық жеткізгіштердегі көшірмелері қоса беріледі:

1) бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған алдыңғы қаржы жылындағы қаржылық есептілік;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың өткен қаржы жылындағы аудиторлық есебі (егер өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін берілсе, онда өткен қаржы жылынан бұрынғы қаржы жылының аудиторлық есебі ұсынылады);

3) жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның ағымдағы күнтізбелік жылдың өтініш берілген күнінен бұрынғы есепті кезеңі (тоқсан, жартыжылдық немесе тоғыз ай) үшін қаржылық есептілігі;

4) жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған өткен күнтізбелік жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есеп;

5) жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған ағымдағы күнтізбелік жылға арналған бюджеттің есеп-қисабы;

6) жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған, ағымдағы күнтізбелік жылдың өтініш берілген күннен бұрынғы есепті кезеңі (тоқсан, жартыжылдық немесе тоғыз ай) үшін бюджеттің атқарылуы туралы есеп;

7) салықтық есептілік (келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) және өткен салық кезеңіндегі келісімшарт бойынша үстеме пайда салығы (бұдан әрі – ҮПС) мен ағымдағы және өткен күнтізбелік жылдардағы келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы (бұдан әрі – ПҚӨС) бойынша декларациялар);

8) КТС бойынша аванстық төлемдердің есеп-қисабы (егер жер қойнауын пайдаланушы аванстық төлемдерді төлеуші болса) және ағымдағы есепті жылға жоспарланған КТС мөлшерінің есеп-қисабы;

9) КТС бойынша салықтық міндеттемелердің есеп-қисабы, сондай-ақ ағымдағы салық кезеңіндегі келісімшарт бойынша таза кірістің, сату рентабельділігінің есеп-қисабы, бұл есеп-қисаптар жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның бюджетіне, көмірсутектердің болжамды бағасына және сол кезеңдегі келісімшарт бойынша көмірсутектерді өндірудің жоспарланатын көлеміне егжей-тегжейлі байланыстырылады;

10) көмірсутектердің келісімшарт бойынша рентабельділік көрсеткіштерінің есеп-қисабы үшін пайдаланылған болжамды бағасын негіздеу;

11) келісімшарт бойынша көмірсутектерді өндірудің жоспарланатын, құзыретті органмен келісілген көлемі.

3. Кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы алдағы күнтізбелік жылға өтініш ерте дегенде ағымдағы жылғы 30 қыркүйекте, бірақ ағымдағы жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі. Өтінішке осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттардың электрондық жеткізгіштердегі көшірмелері қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға растаған алдағы күнтізбелік жылға арналған бюджеттің есеп-қисабы;

2) компанияның келісімшарт бойынша КТС бойынша салықтық міндеттемелерінің есеп-қисабы, сондай-ақ алдағы күнтізбелік жыл үшін келісімшарт бойынша таза кірістің, сату рентабельділігінің есеп-қисабы, бұл есеп-қисаптар жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның бюджетіне,

көмірсутектердің болжамды бағасына және сол есепті кезеңдегі келісімшарт бойынша көмірсутекті өндірудің жоспарланатын көлеміне егжей-тегжейлі байланыстырылады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер ағымдағы күнтізбелік жылдың өткен тоғыз айы үшін беріледі.

4. Өтініш беруші ұсынатын құжаттарда мәліметтер толық болмаған, немесе осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген құжаттардың тізбесі толық ұсынылмаған, немесе өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптар бұзылып берілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішті қараудан уәжді бас тарту жібереді.

5. Уәкілетті орган өтінішті және (немесе) өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін қосымша құжаттар мен есеп-қисаптарды қарауға қабылдағаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш пен оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін мәселелер бойынша төменде тізбеленген мемлекеттік органдарға қорытындылар дайындау үшін:

1) салық есептілігінің деректерін растау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс бағдарламаларын (жұмыстардың жылдық бағдарламаларын) және (немесе) жобалық шешімдер мен міндеттемелерді ескергенде көмірсутекті өндірудің жоспарланатын көлемі мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар көлемінің негізділігі мәселелері бойынша көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға;

3) өз құзыретіне жататын және уәкілетті орган қойған мәселелер бойынша ПҚӨС жеке мөлшерлемесінің нақты мөлшері жөнінде негізделген шешімдер тұжырымдау мақсатында өзге де мемлекеттік органдарға жібереді.

Тиісті мемлекеттік органдардың қорытындылары өтініш пен оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелері уәкілетті органнан алынған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей уәкілетті органға беріледі. Уәкілетті орган өтініш беруші ұсынған деректердің негізінде көрсетілген мерзімде келісімшарт бойынша рентабельділіктің есеп-қисабын жүргізеді және ПҚӨС жеке мөлшерлемесінің нақты мөлшері бойынша ұсыныстар дайындайды.

6. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың барлық қорытындылары алынған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган мемлекеттік органдардың қорытындылары қоса берілген өтінішті кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен

орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу бойынша ұсынымдар тұжырымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына енгізеді, ол кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу жөнінде ұсынымдар тұжырымдайды.

Комиссия өтініш пен мемлекеттік органдардың қорытындыларын он жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу немесе жатқызудан бас тарту, рентабельділігі төмен кен орны бойынша ПҚӨС мөлшерлемесінің мөлшері (көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы ұсыныс тұжырымдалған жағдайда) туралы ұсыныс тұжырымдайды.

7. Комиссия көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу туралы ұсыныс тұжырымдаған жағдайда уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес белгіленетін ПҚӨС мөлшерлемелерін қоса беріп және осындай мөлшерлемелер қолданылатын күнтізбелік жылды көрсетіп, көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орындарының тізбесіне қосу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

8. ПҚӨС мөлшерлемесі күнтізбелік жылға белгіленеді. Егер ПҚӨС мөлшерлемесі көрсетілген жыл ішінде белгіленсе, онда осы жылдың міндеттемелері бойынша күнтізбелік жылдың басынан бастап есепке жазылған және төленген ПҚӨС осы Қағидаларға сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша қайта есептеледі.

9. Уәкілетті орган көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызудан бас тарту туралы шешімді комиссия тұжырымдаған ұсыныстарды ескере отырып қабылдайды және комиссия тиісті шешім шығарғаннан кейін он жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсетіп, жазбаша түрде жер қойнауын пайдаланушының назарына жеткізеді.

10. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызудан бас тарту үшін:

1) КТС төлеу бойынша салықтық міндеттемелердің ұсынылған есеп-қисабының, сондай-ақ таза кірістің, кен орны (кен орындарының тобы, кен

орнының бір бөлігі) бойынша тиісті күнтізбелік жылға арналған сату рентабельділігі есеп-қисабының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, оның ішінде осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес келмеуі;

2) жер қойнауын пайдаланушының тиісті күнтізбелік жылға көмірсутектердің рентабельділік деңгейін есептеу үшін пайдаланылатын негізсіз болжамды бағасын қолдануы;

3) кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша тиісті күнтізбелік жылға мәлімделген өндіру көлемінің жоспарланатын өндіру көлеміне сәйкес келмеуі;

4) егер өтініш ағымдағы күнтізбелік жылға берілсе, өткен күнтізбелік жылдың деректерімен не өтініш алдағы күнтізбелік жылға берілсе, енгізілетін түзетулер ескеріле отырып көрсетілген кезеңдегі бюджет негізінде есептелген жыл бойындағы болжамды деректер негізге алынған ағымдағы күнтізбелік жылдың деректерімен салыстырғанда көмірсутектердің бір тоннасына есептелген өндірістік шығындардың, өткізу шығындары мен жалпы әкімшілік шығындардың елеулі (10 %-дан жоғары) және (немесе) негізсіз ұлғайтылуы;

5) ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың өтініш берілген күнінен бұрынғы есепті кезеңдердің (жартыжылдық немесе тоғыз ай) қорытындылары бойынша кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің іс жүзіндегі деңгейінің 0 %-дан жоғары болуы негіз болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушыға көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызудан бас тартудың себептері жойылған жағдайда ол осы тарауда белгіленген тәртіппен уәкілетті органға қайтадан өтініш жолдауға құқылы.

2-параграф. Көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен санатқа жатқызу өлшемшарттары

11. Егер алдағы күнтізбелік жылдың немесе ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің жоспарланатын деңгейі жер қойнауын пайдаланушы осы тармақта белгіленген тәртіппен дербес жүргізетін есеп-қисаптар бойынша 0 %-ға тең немесе одан аз болса, көмірсутек кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) рентабельділігі төмен санатқа жатқызылады.

Көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейінің күнтізбелік жылдағы

есеп-қисабы көмірсутектердің тиісті кезеңдегі бағаларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының болжамды деректері мен уәкілетті орган растаған өндіру көлемінің негізінде жүргізіледі.

Кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жоспарланатын рентабельділік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады :

$$CP_k = \frac{TK(Z_k)}{ЖЖК_k} \times 100, \text{ мұнда:}$$

CP_k – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша сату рентабельділігі, пайызбен;

TK_k – осы тармаққа және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 723-бабының шарттарына сәйкес салықтық есепке алу саясатында бекітілген жер қойнауын пайдаланушының салықты есепке алуды бөлек жүргізу әдістемесіне (бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушының әдістемесі) сәйкес есептелген көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кіріс;

Z_k – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша алынған және өтелмеген, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 31-тарауына сәйкес есептелген, 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін туындаған залал сомасы;

$ЖЖК_k$ – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген жылдық жиынтық кіріс.

Салық кезеңінде көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша таза кірістің мөлшерін жер қойнауын пайдаланушы мынадай формула бойынша айқындайды:

$$TK_k = CCK_k - KTS_k, \text{ мұнда:}$$

KTS_k – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы;

CCK_k – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 28-бабында көзделген кіріс пен шығыс сомасына азайтылған, жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген салық салынатын кіріс.

Салық салынатын кірісті айқындаған кезде қосымша салық міндеттемелерінің есебінен шегерімдер сомасын не ұлғайтылуы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тарифтердің

жоғарылауымен байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғаюын қоспағанда, салық кезеңіндегі шегерімдер сомасы өткен салық кезеңіндегі шегерімдер сомасынан аспауға тиіс. Ағымдағы аяқталмаған (алдағы) күнтізбелік жылы көмірсутектер өндірудің жоспарланатын көлемі өткен (ағымдағы) күнтізбелік жылдың деңгейінен 10 %-дан аса ауытқыған жағдайда көмірсутек кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділік деңгейін айқындау мақсаттары үшін шегерімдер сомасы өндіру көлемінің өзгеруіне қарай пропорционалды түрде түзетіледі.

12. Рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін ПҚӨС мөлшерлемелері келісімшарт бойынша рентабельділік деңгейін 0 % деңгейіне жеткізу мақсатында мұнайдың бір баррелі үшін әлемдік баға шәкілі бойынша 1 АҚШ доллары өлшемімен белгіленеді.

Рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ПҚӨС ең төмен мөлшерлемесі тиісті салық кезеңінде қолданылатын ПҚӨС жалпыға бірдей белгіленген мөлшерлемесінің 5 %-ы мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте осы Қағидаларға сәйкес рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін белгіленетін ПҚӨС мөлшерлемелері тиісті салық кезеңінде қолданылатын ПҚӨС жалпы жалпыға бірдей белгіленген мөлшерлемелерінен аспауға тиіс.

Егер рентабельділігі төмен санатқа жатқызылған көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) үшін тиісті күнтізбелік жылға арналған ПҚӨС мөлшерлемелері көрсетілген жыл ішінде белгіленсе, онда күнтізбелік жылдың басынан бері төленген ПҚӨС өткен салық кезеңдерінде іс жүзінде қалыптасқан бағалар негізге алына отырып, осы тарауға сәйкес белгіленген мөлшерлемелер бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 741-бабында белгіленген тәртіппен айқындалатын баға негізінде осы тармаққа сәйкес белгіленген мөлшерлемелерді жер қойнауын пайдаланушы дербес қолданады.

13. Салық төлеуші осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес белгіленген ПҚӨС мөлшерлемелерді қолданған күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей осы ПҚӨС мөлшерлемелері қолданылған нақты деректердің негізінде өткен жылдың рентабельділік көрсеткіштерінің есеп-қисабын жүргізеді.

Егер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша нақты рентабельділік деңгейі 0 % мәнінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы мынадай формуламен есептелетін мөлшерлеме бойынша ПҚӨС бойынша салықтық міндеттемелерді қайта есептеуді жүргізеді:

$$СП_k = \frac{ЖЖК_k - Ш_k}{СБ_k} \times 100, \text{ мұнда:}$$

СП_к – көмірсутек кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ПҚӨС мөлшерлемесі, пайызбен;

ЖЖК_к – көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген жылдық жиынтық кіріс;

Ш_к – ПҚӨС қоспағанда, көмірсутектер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген шегерімдер;

СБ_к – көмірсутек кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген ПҚӨС салықтық базасы.

Бұл ретте осы тармаққа сәйкес есептелген ПҚӨС мөлшерлемесінің мөлшері үлкен санға қарай дөңгелектеу арқылы үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен есептеледі және осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген шекті мәндердің шеңберінен аспауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы ПҚӨС мөлшерлемесінің алынған мәнін өткен күнтізбелік жылы төлеуге жататын ПҚӨС сомасын есептеу үшін қолданады. Егер осы тармаққа сәйкес өткен күнтізбелік жылға есептелген ПҚӨС сомасы осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша өткен күнтізбелік жылға есептелген ПҚӨС сомасынан асып кетсе, асып кеткен тиісті сома ПҚӨС жөніндегі қосымша декларацияда көрсетіледі. Осы декларацияда көрсетілген ПҚӨС сомасы өткен күнтізбелік жылдың 4-тоқсанының салықтық міндеттемесі болып табылады және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен төлеуге жатады. Рентабельділіктің нақты деңгейі осы Қағидалардың 12-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген формула бойынша есептелген кезде пайдаланылған көрсеткіштер өзгерген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы осындай өзгерістер салықтық есепке алуда көрсетілген сәттен бастап күнтізбелік 45 күннен аспайтын мерзімде салықтық міндеттемелерді осы тармаққа сәйкес қайта есептеуді және орындауды дербес жүргізеді.

2-тарау. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібі 1-параграф.
Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу туралы өтініштерді беру және қарау тәртібі

14. Көмірсутек кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) игеруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті органға осы кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу туралы өтінішпен жүгінеді, бұл ретте мынадай шарттар қатар орындалуы шарт:

1) кен орнының осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген өлшемшарттардың біріне сәйкес келеді;

2) кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша көмірсутектер өндіру көлемі жылына 3 (үш) миллион тоннадан аспайды;

3) өткен күнтізбелік жылдың немесе аяқталмаған ағымдағы күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің нақты немесе жоспарланатын деңгейі 25 %-ға тең немесе одан аз.

Осы тармақтың мақсаттары үшін кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің есеп-қисабы кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша көрсеткіштер негізінде осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жүргізіледі.

15. Жер қойнауын пайдаланушының кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу туралы өтініші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі. Өтінішке мынадай құжаттардың:

1) кен орнының (кен орындарының тобының, кен орнының бір бөлігінің) қол жеткізілген технологиялық көрсеткіштерінің бекітілген жобалық шешімдерге сәйкестігі туралы есептің;

2) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия хаттамасының;

3) өтініш берілген күннен бұрынғы соңғы тоқсан аяқталған күнгі жағдай бойынша келісімшарттық (лицензиялық) міндеттемелердің орындалуы туралы есептің;

4) осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық жеткізгіштердегі көшірмелері қоса беріледі.

16. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган өтініш келіп түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіден өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін басқа да құжаттар мен есеп-қисапты сұратады.

Өтініш беруші уәкілетті органның тиісті сұрау салуын алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидалардың осы тармағына сәйкес сұратылатын, өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін құжаттар мен есеп-қисаптарды уәкілетті органға электрондық жеткізгіштерде береді.

17. Уәкілетті орган өтініш беруші ұсынған құжаттарда мәліметтер толық болмаған, немесе осы Қағидалардың 15 және 16-тармақтарында көзделген құжаттардың толық тізбесі ұсынылмаған, немесе өтініш осы Қағидаларда белгіленген талаптарды бұза отырып берілген жағдайда өтініш және (немесе) өтініште қамтылған мәліметтерді негіздейтін қосымша құжаттар мен есеп-қисаптар түскеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішті қараудан уәжді бас тартуды жібереді.

18. Өтініш келіп түскеннен кейін уәкілетті орган кен орнының (кен орындарының тобының, кен орнының бір бөлігінің) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген өлшемшарттарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және өтініш берушінің бекітілген жобалық шешімдерді сақтауы туралы қорытынды дайындау үшін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш пен оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдарға, сондай-ақ мұнай және газ саласындағы уәкілетті органға қарауға жібереді.

Тиісті мемлекеттік органдардың қорытындылары уәкілетті органға өтініш пен оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелері уәкілетті органнан алынған кезден бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей беріледі.

19. Мемлекеттік органдардың қорытындылары алынған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган қорытындылар қоса берілген өтінішті комиссияның қарауына енгізеді.

20. Комиссия он жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішті қарайды және кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу немесе жатқызудан бас тарту туралы ұсыныс тұжырымдайды.

21. Комиссия кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу туралы ұсыныс шығарған жағдайда уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесіне енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді, онда мынадай мәліметтер:

1) тау-кендік бөлуге сәйкес кен орнының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) атауы және координаталары;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың және лицензияның (бар болса) берілген күні және тіркеу нөмірі;

3) осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) сәйкес келетін бір немесе бірнеше өлшемшарт қамтылады.

Кен орнын (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесіне енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі қабылданған күнтізбелік жылдың басынан бері төленген ПҚӨС қосымша декларациялар беру жолымен Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 741-бабында белгіленген тәртіппен айқындалатын өткен салық кезеңдерінде іс жүзінде қалыптасқан бағалар негізге алына отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мөлшерлемелер бойынша қайта есептеледі.

Егер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) ПҚӨС әртүрлі мөлшерлемелері белгіленген осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген бірнеше өлшемшартқа сәйкес келсе, көрсетілген салықты есептеу және төлеу мақсаттары үшін мәні неғұрлым аз мөлшерлеме қолданылады.

Кен орнының бір бөлігі тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызылған жағдайда ПҚӨС төмендетілген мөлшерлемесін айқындау үшін келісімшарт бойынша барлық өндіру көлемі ескеріледі.

22. Кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызылған жағдайда 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген ПҚӨС төмендетілген мөлшерлемелері осындай шешім қабылданған жылдың 1 қаңтарынан бастап күнтізбелік үш жыл бойы қолданылады.

ПҚӨС төмендетілген мөлшерлемелерін қолдану мерзімі өткенге дейін жер қойнауын пайдаланушы осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес уәкілетті органға өтінішпен қайта жүгінеді.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген ПҚӨС төмендетілген мөлшерлемелерінің қолданылуын шектеудің үш жылдық мерзімі акцияларының бақылау пакеті ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаға және (немесе) дауыс беретін акцияларының 70 және одан да көп пайызы ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды.

23. Осы Қағидалардың 21-тармағының екінші бөлігіне сәйкес ПҚӨС мөлшерлемелерін қолданған салық төлеуші ПҚӨС осы мөлшерлемелері қолданылған өткен күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей осы Қағидалардың 11-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген формула бойынша нақты деректер негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ПҚӨС мөлшерлемелерін қолдана отырып кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша көрсеткіштер негізінде кен орны (кен

орындарының бір тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша өткен жылғы нақты рентабельділіктің есеп-қисабын жүргізеді.

Егер кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша осы Қағидалардың 11-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген формула бойынша есептелетін нақты рентабельдік деңгейі 20 % мәнінен асып кетсе, бірақ 25 %-дан аспаса, жер қойнауын пайдаланушы ПҚӨС бойынша салықтық міндеттемелерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Салық кодексінде тиісті жылға белгілеген ПҚӨС базалық мөлшерлемесінен 5 %-ға ұлғайтылған мөлшерлеме бойынша қайта есептеуді жүргізеді.

Егер осы Қағидалардың 11-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген формула бойынша есептелетін кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша нақты рентабельділік деңгейі 25 % мәнінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы мынадай формуламен есептелетін мөлшерлеме бойынша ПҚӨС бойынша салықтық міндеттемелерді қайта есептеуді жүргізеді:

$$СМ_k = \frac{ЖЖК_k \times (0,75 - K) - Ш_k \times (1 - K)}{СБ_k \times (1 - K)} \times 100, \text{ мұнда:}$$

СМ_к – кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ПҚӨС мөлшерлемесі, пайызбен;

ЖЖК_к – кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген жылдық жиынтық кіріс;

Ш_к – ПҚӨС-ті қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша шегерімдер;

СБ_к – кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша жер қойнауын пайдаланушының әдістемесіне сәйкес есептелген ПҚӨС салықтық базасы;

К – Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен тиісті салық кезеңіне белгіленген КТС мөлшерлемесінің пайыздағы мөлшерлемені 100-ге бөлу арқылы ондық бөлшекке ауыстырылған мәні.

Бұл ретте осы тармаққа сәйкес есептелген ПҚӨС мөлшерлемесінің мөлшері үлкен санға қарай дөңгелектеу арқылы үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен есептеледі және осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген шекті мәндердің шеңберінен аспайды.

Жер қойнауын пайдаланушы ПҚӨС мөлшерлемесінің алынған мәнін өткен күнтізбелік жыл үшін төленуге тиіс ПҚӨС сомасын есептеу үшін қолданады.

Осы тармаққа сәйкес өткен күнтізбелік жылға есептелген ПҚӨС сомасы өткен күнтізбелік жылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мөлшерлеме бойынша есептелген ПҚӨС сомасынан асып кеткен жағдайда асып кеткен тиісті сома ПҚӨС жөніндегі қосымша декларацияда көрсетіледі. Бұл декларацияда көрсетілген ПҚӨС сомасы өткен күнтізбелік жылдың 4-тоқсанының салықтық міндеттемесі болып табылады және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен төленуге тиіс. Осы Қағидалардың 11-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген формула бойынша рентабельділіктің нақты деңгейін есептеген кезде пайдаланылған көрсеткіштер өзгерген жағдайда осы тармаққа сәйкес салықтық міндеттемелерді қайта есептеу жүргізіледі.

24. Кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызудан бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган комиссия әзірлеген ұсыныстарды ескере отырып қабылдайды және он жұмыс күні ішінде бас тартудың себептерін көрсете отырып, жер қойнауын пайдаланушының назарына жеткізеді.

25. Кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызудан бас тарту негіздері мыналарды қамтиды:

1) КТС бойынша салықтық міндеттемелердің ұсынылған есеп-қисабының, сондай-ақ таза кірістің, келісімшарттар бойынша тиісті күнтізбелік жылға арналған сату рентабельділігінің есеп-қисабының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, оның ішінде осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес келмеуі;

2) жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектердің рентабельділік деңгейін есептеу үшін өтініш беруші пайдаланатын тиісті күнтізбелік жылғы негізсіз болжамды бағасын қолдануы;

3) мәлімделген өндіру көлемінің тиісті күнтізбелік жылға арналған жоспарланатын көлеміне сәйкес келмеуі;

4) өткен күнтізбелік жылдың немесе ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша рентабельділіктің нақты немесе жоспарланатын деңгейінің 25 %-дан асып кетуі;

5) кен орнының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген, мәлімделген өлшемшарттардың бірде-біреуіне сәйкес келмеуі;

6) мәлімделген өлшемшартқа (өлшемшарттарға) өтініш берушінің бекітілген жобалық шешімдерді (құжаттарды) бұзуы нәтижесінде қол жеткізу.

26. Өтініште көрсетілген кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) параметрлерінің өзгеруі Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық шешімдерге (құжаттарға) сәйкес кен орнының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) қайтарымын ұлғайтуға бағытталған шаралар қабылдаудың нәтижесінде кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу туралы шешім қабылданғаннан кейін орын алса, бұл бұрын қабылданған шешімді қайта қарауға негіз болмайды.

Тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесіне игерілу өлшемшартына қарай енгізілген кен орны бойынша бастапқы бекітілген қорлар ұлғайтылған жағдайда өлшемшарттың өзгеруінің жер қойнауын пайдаланушының кен орнының (кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) қайтарымын ұлғайтуға бағытталған шаралар қабылдауымен байланысты болмауы шартымен, егер мұндай ұлғайтудың нәтижесінде кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) көрсетілген өлшемшартқа сәйкес келмесе, комиссия бұрын қабылданған шешімді қайта қарайды.

Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган жыл сайын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесіне енгізілген кен орындары (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша ағымдағы алынатын қорлар туралы деректерді ұсынады.

Жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті органға тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесінде көрсетілген кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) сәйкес келетін өлшемшартты (өлшемшарттарды) өзгерту жөніндегі өтінішпен осы тарауда белгіленген тәртіппен жүгінеді.

2-параграф. Көмірсутектер кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарының санатына жатқызу өлшемшарттары

27. Кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа кен орнында (кен орындарының тобында, кен орнының бір бөлігінде) бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес игеру барысында игерілу, су басу, дебиттің азаюы көрсеткіштерінің біріне қол жеткізілуі немесе кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) мұнайдың жоғары тұтқырлығымен сипатталуы шартымен жатқызылады, олар мынадай мәндерге сәйкес келеді:

1) көмірсутектер кен орнының (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша бөлек-бөлек әрбір кен орнының) игерілуі белгіленген тәртіппен бекітілген қазып алынатын қорлардың 80 және одан көп пайызын құрайды.

Кен орнының (кен орындарының тобының, кен орнының бір бөлігінің) игерілу дәрежесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_{и} = \frac{\sum Q_{ж, т}}{Q_{к, т}} \times 100, \text{ мұнда:}$$

$D_{и}$ – мұнай қорының игерілу дәрежесі, бекітілген қазып алынатын мұнай қорларына қатысты пайызбен көрсетіледі;

$Q_{ж}$ – тұтас кен орнындағы (кен орнының бір бөлігіндегі) жинақталған мұнай өндіру, тоннамен;

$Q_{к}$ – мұнайдың бекітілген қазылып алынатын қорлары, тоннамен;

2) көмірсутектер кен орнының (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі бойынша бөлек-бөлек әрбір кен орнының) өнімін су басу 85 және одан көп пайызды құрайды.

Кен орнын (кен орнының бір бөлігін) су басу мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{к} = \frac{\sum Q_{с, M^3}}{Q_{сұйықт., M^3}} \times 100, \text{ мұнда:}$$

$C_{к}$ – кен орнын (кен орнының бір бөлігін) су басу пайызы;

$Q_{с}$ – өтініш берілген күннен бұрынғы күнтізбелік тоқсан күннен кем болмайтын кезеңде өндірілген су көлемі;

$Q_{сұйықт.}$ – өтініш берілген күннен бұрынғы күнтізбелік тоқсан күннен кем болмайтын кезеңде өндірілген сұйықтық көлемі;

3) кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі бойынша бөлек-бөлек әрбір кен орнының) мұнайының қойнауқат жағдайындағы тұтқырлығы 200 мПа*сек және одан да көп;

4) кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі бойынша бөлек-бөлек әрбір кен орнының) ұңғымаларының орташа дебиті тәулігіне үш тоннадан аз.

Кен орны (кен орнының бір бөлігі) бойынша бір ұңғыма мұнайының орташа тәуліктік дебиті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$q_{м} = \frac{\sum Q_{м, т}}{N}, \text{ мұнда:}$$

$q_{м}$ – кен орны (кен орнының бір бөлігі) бойынша бір ұңғыма мұнайының орташа тәуліктік дебиті;

Qм – өтініш берілген күннен бұрынғы күнтізбелік тоқсан күнен кем болмайтын кезеңде кен орны (кен орнының бір бөлігі) бойынша мұнай өндірудің орташа тәуліктік көлемі, тоннамен;

N – кен орны (кен орнының бір бөлігі) ұңғымаларының тиісті кезеңдегі қолданыстағы өндіруші қорының орташа саны.

Көмірсутектер кен орнын
(кен орындарының тобын,
кен орнының бір бөлігін)
рентабельділігі төмен,
тұтқырлығы жоғары, су басқан,
дебиті аз және игерілген
санатқа жатқызу қағидаларына
және пайдалы қазбаларды
өндіру салығы бөлігінде салық
салу тәртібіне
1-қосымша

Кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санатқа жатқызу туралы өтініш

1. Жер қойнауын пайдаланушының (заңды не жеке тұлғаның) толық атауы:

_____.

2. Орналасқан жері (пошталық мекенжайы):

_____.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі

_____.

4. Көмірсутектер өндіруді жүзеге асыруға және кен орнын (кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген санатқа жатқызу тәртібін қолдануды болжауға негіз болатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт:

4.1. Келісімшарт тараптарының толық атауы, келісімшарт жасалған күн:

_____;

4.2. Құзыретті органда келісімшарттың тіркелген күні мен нөмірі:

_____;

4.3. Келісімшарттың (кен орнының, кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) атауы:

_____;

4.4. Келісімшарттық аумақтың (кен орнының, кен орындары тобының, кен орнының бір бөлігінің) орналасуы:

_____;

4.5. Өндірілетін пайдалы қазбаның түрі: _____;

5. Өтініш беруге негіздеме (таңдаған жолдарға "X" белгісін қойыңыз):
рентабельділігі төмен;
тұтқырлығы жоғары;
су басқан;
дебиті аз;
игерілген;

6. Байланысатын адам (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, телефоны):

Қосымшалар:

Басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы

Мөрдін орны

Өтініш берілген күн: 20__ ж. " __ " _____

Көмірсутектер кен орнын
(кен орындарының тобын,
кен орнының бір бөлігін)
рентабельділігі төмен,
тұтқырлығы жоғары, су басқан,
дебиті аз және игерілген
санатқа жатқызу қағидаларына
және пайдалы қазбаларды
өндіруге салынатын салық
бөлігінде салық салу тәртібіне
2-қосымша

Көмірсутектердің су басқан, дебиті аз, игерілген, тұтқырлығы жоғары кен орындары (кен орындарының топтары, кен орындарының бөліктері) үшін пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

1. Тұтқырлығы жоғарылығының кен орындары үшін шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері:

Р/с №	Жылдық өндіру көлемі	Тұтқырлығы 200-ден 300мПа*сек дейін болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен	Тұтқырлығы 300 мПа*сек және одан жоғары болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен
1.	Қоса алғанда 250 000 тоннаға дейін	1,5	0,25
2.	Қоса алғанда 500 000 тоннаға дейін	2,1	0,35
3.	Қоса алғанда 1 000 000 тоннаға дейін	2,4	0,4

4.	Қоса алғанда 2 000 000 тоннаға дейін	2,7	0,45
5.	Қоса алғанда 3 000 000 тоннаға дейін	3,0	0,5
6.	Қоса алғанда 4 000 000 тоннаға дейін	3,3	0,55
7.	Қоса алғанда 5 000 000 тоннаға дейін	3,6	0,6
8.	Қоса алғанда 7 000 000 тоннаға дейін	3,9	0,65
9.	Қоса алғанда 10 000 000 тоннаға дейін	4,5	0,75
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	5,4	0,9

2. Су басқан кен орындары үшін шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері:

P/c №	Жылдық өндіру көлемі	Су басуы 85-тен 95 %-ға дейін болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен	Су басуы 95 % және одан жоғары болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен
1.	Қоса алғанда 250 000 тоннаға дейін	1,5	0,25
2.	Қоса алғанда 500 000 тоннаға дейін	2,1	0,35
3.	Қоса алғанда 1 000 000 тоннаға дейін	2,4	0,4
4.	Қоса алғанда 2 000 000 тоннаға дейін	2,7	0,45
5.	Қоса алғанда 3 000 000 тоннаға дейін	3	0,5
6.	Қоса алғанда 4 000 000 тоннаға дейін	3,3	0,55
7.	Қоса алғанда 5 000 000 тоннаға дейін	3,6	0,6
8.	Қоса алғанда 7 000 000 тоннаға дейін	3,9	0,65
9.	Қоса алғанда 10 000 000 тоннаға дейін	4,5	0,75
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	5,4	0,9

3. Игерілген кен орындары үшін шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері:

P/c №	Жылдық өндіру көлемі	Игерілуі 80-нен 95 %-ға дейін болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен	Игерілуі 95 % және одан жоғары болған кездегі мөлшерлемелер, %-бен
	Қоса алғанда		

1.	250 000 тоннаға дейін	1,5	0,25
2.	Қоса алғанда 500 000 тоннаға дейін	2,1	0,35
3.	Қоса алғанда 1 000 000 тоннаға дейін	2,4	0,4
4.	Қоса алғанда 2 000 000 тоннаға дейін	2,7	0,45
5.	Қоса алғанда 3 000 000 тоннаға дейін	3	0,5
6.	Қоса алғанда 4 000 000 тоннаға дейін	3,3	0,55
7.	Қоса алғанда 5 000 000 тоннаға дейін	3,6	0,6
8.	Қоса алғанда 7 000 000 тоннаға дейін	3,9	0,65
9.	Қоса алғанда 10 000 000 тоннаға дейін	4,5	0,75
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	5,4	0,9

4. Дебиті аз кен орындары үшін шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері:

P/c №	Жылдық өндіру көлемі	Ұңғымалардың дебиттері тәулігіне 2 т-дан 3 т-ға дейін болған кездегі мөлшерлемелер, %- бен	Ұңғымалардың дебиттері тәулігіне 1 т-дан 2 т-ға дейін болған кездегі мөлшерлемелер, %- бен	Ұңғымалардың дебиттері тәулігіне 1 т-дан аз болған кездегі мөлшерлемелер, %- бен
1.	Қоса алғанда 250 000 тоннаға дейін	2,5	1,5	0,25
2.	Қоса алғанда 500 000 тоннаға дейін	3,5	2,1	0,35
3.	Қоса алғанда 1 000 000 тоннаға дейін	4	2,4	0,4
4.	Қоса алғанда 2 000 000 тоннаға дейін	4,5	2,7	0,45
5.	Қоса алғанда 3 000 000 тоннаға дейін	5	3	0,5
6.	Қоса алғанда 4 000 000 тоннаға дейін	5,5	3,3	0,55
	Қоса алғанда			

7.	5 000 000 тоннаға дейін	6	3,6	0,6
8.	Қоса алғанда 7 000 000 тоннаға дейін	6,5	3,9	0,65
9.	Қоса алғанда 10 000 000 тоннаға дейін	7,5	4,5	0,75
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	9	5,4	0,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК